




THE OXUS SOCIETY FOR CENTRAL ASIAN AFFAIRS



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАРҚЫН БОЛАШАҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

*МАДИНА ЖУНУСОВА, АЙГУЛЬ БЕЙМИШЕВА,
МЕРЕКЕ ТАНАГУЗОВА ЖӘНЕ АЛЬБИНА ТОРТБАЕВА*

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАРҚЫН БОЛАШАҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Авторлар:

*Мадина Жунусова, Айгуль Беймишева, Мереке
Танагузова және Альбина Тортбаева*



THE OXUS SOCIETY
FOR CENTRAL ASIAN AFFAIRS

Мұқабаның суреті: <https://kazpravda.kz/n/nazarbaev-rasskazal-kakim-vidit-budushchee-kazahstana/>



THE OXUS SOCIETY
FOR CENTRAL ASIAN AFFAIRS

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАРҚЫН
БОЛАШАҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ



2024 жылғы наурызда Қазақстанның солтүстік өңірлеріндегі жыл сайынғы көктемгі су тасқыны бұрын-соңды болмаған алапат күшпен келді, соның салдарынан елеулі әлеуметтік-экономикалық келеңсіз жағдайлар орын алды. Небәрі бірнеше күннің ішінде 86 000-нан астам адам өз үйлерін тастап кетуге мәжбүр болды, 5 000-нан астам мал басы қаза тапты және көптеген отбасылар күнделікті тіршілік етуге қажетті құралдарсыз қалды. Қазақстандық парламент мүшелерінің бірінің сөзіне сүйенсек, аса маңызды инфрақұрылымға келтірілген залал сомасы 400 миллион доллардан асуы мүмкін. Су тасқыны тигізген тікелей зияндармен алпарыс аяғына таянғанда, нағыз күрес енді басталмақ, яғни су тасқынының салдарларын азайту тәсілдерін енгізу қажет, құрғақышық кезеңінде жер үсті суларын жинайтын лайықты арналарды қалыптастырып, өзендердің жағалауларын нығайту үшін инвестициялар құю керек. Бұл төтенше климаттық жағдай Қазақстан климаттың өзгеруіне әлсіз бейімделгенін және дүлей зілзалалардың салдарын еңсеруге дайын еместігін, осыған қатысты өзінің қазіргі ұстанымын жедел қайта бағалаудан өткізу қажеттігін айқын көрсетті. Сарапшылық диалогқа қатысып, елдің әрбір өңірі үшін мықты және тұрақты болашаққа қол жеткізу үшін институционалдық ортаны нығайту және тұрақтылық әлеуетін арттыру жөніндегі ғылыми негізделген шешімдер мен саяси ұсынымдар жасау арқылы неғұрлым жетілдірілген климаттық саясатты әзірлеу қажеттілігі бар.

Климаттың өзгеруіне төзімділік – Қазақстанның алдында тұрған көптеген проблемалардың бірі ғана. Бұл есепте 2024 жылғы 18-19 сәуірде Астанада өткен модерацияланатын онлайн-пікірталастар сериясы мен қорытынды іс-шарадан тұратын «Kazakhstan Futures» жобасының II кезеңі барысында қазақстандық және американдық ғалымдар арасындағы академиялық диалог барысында талқыланған идеялар синтезделеді. Аталған іс-шарада Қазақстанның ұзақ мерзімді, оның ішінде 2050 ж. қарай дамуының перспективаларына шоғырланған мұқият ой-талқы жасауға арналған платформа ұсынылды. Пікірталастың барлығы «2050 жылы Қазақстан



қандай болады?» деген негізгі сұрақтың төңірегінде болды. Зерттеушілер Қазақстанның 2050 жылға дейінгі әлеуетті әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты «өзгеріссіз, шынайы және оптимистік» деген үш сценарийді, сондай-ақ осы түрлі нәтижелердің даму ықтималдығын айқындайтын негізгі факторлар мен тәуекелдерді қарастырды. Үнемі құбылып отыратын және анық емес геосаяси контексте алда тұрған қауіп-қатерлерді, мүмкіндіктер мен сынақтарды баса көрсете отырып, Қазақстан саясатының әлеуетті болашақ даму бағыттарының жан-жақты талдаулары осы талқылаулар барысында алынған қорытындыларда көрсетілген.

НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР

Қазақстан үкіметі бірқатар шешуші мәселеге тап болды:


1. *Үкіметтің әрекетсіздігі және сыбайлас жемқорлық.* Ұдайы әрекетсіздік пен кең таралған сыбайлас жемқорлық тиімді басқару мен қоғамның сенімін жаулауға одан ары кедергі бола беруі мүмкін. Бұл туындайтын проблемаларды шешу үшін қажетті саясат пен реформаларды іске асыруға тосқауыл болуы мүмкін. Оның үстіне, біліктілігі төмен мемлекеттік қызметкерлер мен өнімділікті тиімді басқарудың және оқытудың болмауы да жағдайды ушықтырып тұр.
2. *Саяси тұрақсыздық және тәртіпсіздіктер.* Елдің батыс өңірлеріндегі ағымдағы проблемалар, наразылықтар, ереуілдер мен су тасқынының жиі болуы саяси толқулардың күшеюіне әкелуі мүмкін. Батыс өңірлер, әсіресе Маңғыстау, ел экономикасының қозғаушы күші болып табылатын өндіруші салалардың орталықтары болып табылады. Алайда жергілікті халық бұл бай қорлардың пайдасын көре

алмай отыр. 2011 жылғы желтоқсан айында үкіметтің Жаңаөзендегі мұнайшылардың ереуілін тоқтату мақсатында араласуы оннан астам адамның өліміне алып келді. Одан он жыл өткеннен кейін. 2022 жылдың қаңтарында бүкіл елді шарпыған толқулар батыс өңірлерде басталды. Үкіметтен күдер үзген халық әлеуметтік желілер және басқа да оппозиция нысандарында наразылық білдіру арқылы елдің тұрақтылығына нұқсан келтіруі мүмкін.

3. *Қоршаған ортаның құлдырауы:* Қазақстандағы температура ең жоғары шығарындылар сценарийі (RCP8.5) бойынша 1986–2005 жылғы базалық деңгеймен салыстырғанда 2090-шы жылдарға қарай 5,3°C-қа көтеріледі, ал ең төменгі шығарындылар сценарийі (RCP2.6) бойынша 3,7°C жоғарылайды.

Мұндай жылу қатты құрғақшылықтардың жиілеуіне, мұздықтардың жылдамырақ еруіне және су тасқыны қаупінің артуына әкеледі, бұл өз кезегінде адамдардың өміріне, ауыл шаруашылығына және экожүйелерге қауіп төндіреді, осы ретте 2050 жылға қарай жаздық бидайдың өнімділігі 50%-ға төмендеуі мүмкін. Экологиялық проблемаларды шешу жөніндегі алдын алу шаралары қолданылмайтын болса, судың жетіспеушілігі, қоршаған ортаның ластануы және климат өзгерісінің қолайсыз салдарлары сияқты проблемалар бірінің үстіне бірі шиеленісуі мүмкін. Бұл мәселелер ауыл шаруашылығына, су қорларына және жалпы халықтың денсаулығына едәуір әсер етуі мүмкін.

4. *Әлеуметтік-экономикалық айырмашылықтар.* Осы алған бетінен қайтпайтын болса, әлеуметтік-экономикалық теңсіздік одан әрі ушығуы мүмкін, бұл әл-ауқаттағы, ресурстарға қолжетімділіктегі және өмір сапасындағы теңсіздікті одан бетер тереңдетуге алып келеді. Бұл әлеуметтік шиеленістің күшеюіне және қоғамның одан әрі бытырауына әкелуі мүмкін.



5. *Білім беру теңсіздігі:* қалалық және ауылдық мектептер мен университеттік білім беру сапасының арасындағы теңсіздік сақталуда, сондай-ақ мұғалімдердің төмен даярлығы, оқулықтардың болмауы және мектептердегі оқушылар санының шамадан тыс көп болуы – осының бәрі біліктілігі төмен адам капиталына әкеліп соғады, жастар арасындағы жұмыссыздықты, сондай-ақ әлеуметтік шиеленіс пен тәртіпсіздікті ушықтырады. Қазақстанда ауыл және қала оқушылары арасындағы айырмашылық өсіп келеді. PISA 2018 халықаралық есебінде ауылдық және қалалық мектептер арасындағы алшақтық 37 тармақты құрады. Төрт жылдан кейін, 2022 жылы айырмашылық 44 тармаққа дейін ұлғайды.¹
6. *Көшіп-қонудың әсері:* 2021 жылғы санақ деректері бойынша халықтың шамамен үштен бір бөлігі өздері туған ауданнан тыс жерде тұрады. Қоршаған орта жағдайының нашарлауы, мүмкіндіктер мен саяси толқулардың болмауы ішкі және сыртқы көшіп-қонуға, қала инфрақұрылымының шамадан тыс жүктелуіне және көшіп-қонушыларды көптеп қабылдайтын өңірлерде шиеленістің күшеюіне әкеп соғуы мүмкін.
7. *Дүлей апаттарға төзімсіздік:* Дүлей апаттарға жеткілікті әзірленбеу және тиісінше әрекет ету механизмі халықтың және инфрақұрылымның осалдығының өсуіне әкеп соғуы мүмкін, бұл осындай оқиғалар кезінде зор адами және экономикалық шығындарға әкеліп соғады.
8. *Экономикалық тоқырау:* Инфрақұрылым мен технологияларға инновациялар енгізіп, инвестициялар құймайтын болса, Қазақстан экономикалық тоқыраумен бетпе-бет келуі мүмкін. Әртараптандырудың және дәстүрлі салаларға сүйенудің болмауы, әсіресе жылдам өзгертін жаһандық экономикалық ортада ұзақ мерзімді өсуді қамтамасыз етпеуі мүмкін.

¹ “Kazakhstan Pass ‘PISA’ With Excellent Marks,” CABAR, 2024, <https://cabar.asia/ru/kazahstan-podgotovitsya-k-pisa>

9. *Байланыстар*: Қазақстан оның әлемдік экономикаға ықпалдасуына әсер ететін байланыстарға қатысты бірқатар проблемаларға жолықты. Бұл проблемалар теңізге шығысы жоқ ел мәртебесін, шектеулі әуе қатынасын, сауда-саттықтағы кедергілерді, цифрлық инфрақұрылымдағы сәйкессіздіктерді, реттеудегі қиыншылықтар мен геосаяси факторларды қамтиды. Әртараптандыру және сенімді сауда-саттық жолдарын қамтамасыз ету Қазақстанның экономикасын жаһандық жеткізу тізбектеріндегі іркілістерден қорғау үшін, сондай-ақ экономикалық өсу және әлемдік экономикаға кірігу үшін қажет.

Қазақстан үкіметтің әрекетсіздігі, сыбайлас жемқорлық, саяси тұрақсыздық және қоршаған ортаның құлдырауын қоса алғанда, маңызды проблемалармен бетпе-бет келіп отыр. Алдын алу шаралары қолданылмайтын болса, бұл проблемалар саяси толқулардың, көші-қон қысымы мен экономикалық тоқыраудың күшеюіне алып келуі мүмкін. Бұл проблемаларды шешу орнықты даму мен тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін шешуші мәнге ие.

Келесі бөлімде Қазақстан үшін болашақ дамудың үш ықтимал сценарийі талқыланады. Өзгерістердің болмау сценарийі ағымдағы тоқырау мен тиімсіз басқару үрдісін көрсетеді. Аралас іс-қимылдардың шынайы сценарийі байқалатын біртіндеп жақсаруға негізделген, яғни саясаттың ішінара іске асуына және қоғамдастықтың қатысуына әкелуі мүмкін. Оптимистік сценарий халықаралық тәжірибені, цифрлық инфрақұрылымды, мүдделі тараптармен белсенді өзара әрекетті және саяси диалогты қолдану арқылы қазіргі әлеуетін жетілдіреді деген өршіл үмітті білдіреді, бұл өз кезегінде елеулі әлеуметтік-экономикалық түрленуге және тұрақтылықты арттыруға алып келе алады.



НЕГІЗГІ СЦЕНАРИЙ

Бұл сценарийде саяси және экономикалық жағдай климаттың өзгеруіне қарсы күресте күшті саяси ынталандырудың болмауынан, және сыбайлас жемқорлық пен ұлттық және жергілікті деңгейлердегі биліктің тиімсіз басқаруының үйлесуінен туындаған даму саясатының жігерсіз іске асуы себебінен тоқыраған күйінде қалып отыр. Ұсынылып отырған саяси шешімдер ұсынылған күйінде қалып жатыр, ал оларды іске асырудағы ұдайы олқылықтар Қазақстан тұрғындары бетпе-бет келетін әлеуметтік, экономикалық және экологиялық проблемаларды ушықтырып отыр. Елдің батыс өңірлерінде жалғасып жатқан қақтығыстар мен жиі су тасқыны салдарынан саяси толқулардың өсуі және қоғамның ұлттық үкіметке деген сенімінің төмендеуі қаупі бар. Мұндай наразылық үкіметті сын астына алудың өршуі, әлеуметтік наразылықтардың және саяси оппозицияның басқа да түрлерінің дамуы секілді тағы бір қауіп туғызады.

Ішкі және сыртқы көші-қонды қоса алғанда, бұл сценарийдің елеулі салдарлары болуы мүмкін. Мысалы, белгілі жерлердегі жыл сайын қайталанып отыратын су тасқындары осы аудандарда одан әрі өмір сүрудің қажеттілігі бар-жоғы туралы қисынды сұрақ тудырады, сөйтіп, тұрғындарды көшуге итермелейді. Бұл құбылыс ұдайы су жетіспеушілігінен зардап шегетін аудандарға да таралуы мүмкін, бұл экологиялық көші-қонның салдарынан «климаттық көшіп-қонушылар» санының ұлғаюына алып келуі мүмкін.² Елдің қазіргі жағдайы климаттың өзгеруіне қарсы күресте дереу әрекет етуді талап етеді, соның ішінде деректерге және контекстік-тәуелді саясат пен салдарды жұмсарту және бейімделу жөніндегі іс-қимыл жоспарлары.

² "People on the Move in a Changing Climate: Linking Policy, Evidence, and Action," IOM UN Migration, November 2022, <https://rovienna.iom.int/news/people-move-changing-climate-linking-policy-evidence-and-action>


Оның үстіне, нашар басқару, айқындықтың төмендігі және есеп берудегі олқылықтар сияқты жүйелі проблемалар ағымдағы даму мәселелерін шиеленістіре түседі. Бас прокуратураның жақында өткізген тергеулері су тасқынына қарсы күреске бөлінген қаражаттың мақсатсыз пайдаланылғанын анықтады. Бұл елді басқарудың барлық деңгейінде сыбайлас жемқорлық пен заңсыз әрекеттер терең тамыр жайғанын көрсетеді. Мұндай әшкерелеулер халықтың сенімін таптап, түңілдіреді, сөйтіп, әлеуметтік-саяси жағдайды одан әрі қиындатып, толқулар мен тұрақсыздыққа әкеледі. Бұл жағдай халықтың сенімін қалпына келтіру үшін және дүлей апаттар мен олардың кең ауқымды әлеуметтік-саяси салдарларына төзімді болу үшін басқару жүйесінде шешуші реформалар ауадай қажет екендігін көрсетеді.

АРАЛАС СЦЕНАРИЙ

Дүниежүзілік банктің «Обзор по Казахстану» («Қазақстан бойынша шолу») есебі секілді халықаралық ұйымдардың таяуда жасалған есептері жоғары инфляциямен және басқа да проблемалармен есте қалған кезеңнен кейін мұнай өндірудің ұлғаюына байланысты 2025 жылы жалпы ЖІӨ-нің 4,7 пайызға (2024 жылғы 3,4 пайыздан) өсуімен Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық даму біртіндеп ілгерілеп, елдің экономикасы жақсара түседі деген көзқарасты ұстанады.³

Табысты және сенімділігі аз сценарийлерден алынған сабақтар болашақ стратегиялық бастамаларды күшейте отырып, оның ішінде климаттың өзгеру тәуекелдеріне ерекше назар аудара отырып, ұлттық даму жоспарына интеграциялануы мүмкін.

³ “The World Bank in Kazakhstan,” World Bank, 2024, <https://www.worldbank.org/en/country/kazakhstan/overview#:~:text=Economic%20Outlook-,The%202024%20economic%20forecast%20anticipates%20a%20growth%20slowdown%20to%203.4,adherence%20to%20OPEC%2B%20production%20cuts.>



Су тасқынынан кейін үкімет табиғи апаттарға дайындықты арттыру үшін Ұлттық бейімделу жоспарын (ҰБЖ) әзірлей алады. Мәселен, еуропалық елдер су тасқынынан энергетика саласында инновациялық шешімдерді енгізе отырып, бақыланбайтын табиғи құбылыстарды басқаруды және олардан пайда табуды қабілеттерін паш етті. Осы халықаралық мысалдарға сүйене отырып, жергілікті үкімет халықаралық ұйымдардың қолдауымен ұлттық іс-қимылдар мен зардаптарды жеңілдетудің кешенді жоспарларын әзірлей бастайды деп үміттенуге болады.

Халықаралық институттар елге техникалық көмек көрсетуді және мемлекеттік шенеуніктер мен зерттеушілердің әлеуетін дамытуды жалғастыруда. Одан арғы академиялық бағдарламалар мен зерттеулерге басым назар аудару деректерге негізделген шешімдердің жай ғана реактивті немесе анекдотикалық болмауын қамтамасыз ету үшін шешуші мәнге ие. Осы ретте, тұрақты оқыту және бейімдеу қажет. Үкіметтік және бейүкіметтік донорлар қолдау көрсетіп отыруы мүмкін зерттеулерді едәуір қаржыландыру әлеуеті академиялық мекемелерге климаттық аспектілерді неғұрлым кең ауқымды зерттеу бағдарламаларына қосатын жобаларды әзірлеуге мүмкіндік береді. Климаттың өзгеруінен туындаған көшіп-қону мен адамдарды саудалау мен заңсыз көшіп-қонудың жоғары қаупі арасында да байланыс бар, себебі құрғақшылық пен су тасқындары ауыл халқын қалаларда жұмысқа орналасудың басқа мүмкіндіктерін іздеп, өз ауылдарын тастап кетуге және өздерін адамдарды саудалаушылар үшін неғұрлым осал етуге мәжбүрлейді. Бұл тәуекелдер қолда бар мүмкіндіктерді қорғап қалу және білімді адамдардың (білікті мамандардың) көшіп кетуінің алдын алу үшін құрылымдалған құқықтық және институционалдық шеңберлер қажеттігін атап көрсетеді.


Климаттың проблемалары туралы жұртшылықтың хабардар болуын арттыру, қалалар мен өңірлердің тұрақтылығын нығайту, сондай-ақ тұрақты даму шешуші мәнге ие. Өйткені осы тақырыптар бойынша пікірталастар

қоғамның барлық деңгейлеріне – балабақшалардан бастап қоғамдық платформаларға дейін тарайды – бұл диалогтар наразылықтарға емес, қоғамдастықтың ақпараттық, сындарлы қатысуына әкелуі өте маңызды. Бұл үкіметтің айқындығы мен есеп беруіне қол жеткізу үшін қоғам тарапынан қысымды төмендетуге жәрдемдеседі және тиісті ұлттық жобаларды әзірлеу мен іске асыру кезінде қоғамдастықтардың қатысуына негізделген көзқарасқа алып келеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларға, сондай-ақ, климаттың өзгеруімен күрес бойынша іс-қимылдарға да бейілділік бар болғанымен, оң және теріс әрекеттер арасындағы дихотомия айқын белгісіздік сезімін тудырады. Белгісіздік тек табанды іс-қимылдармен және оң нәтижелермен тығыз байланысты нақты, бақыланатын стратегиялардың көмегімен шешілуі мүмкін. Мониторинг пен есептіліктің тиімді жүйелері саясаттың әсері мен қоғамдастықтың серпінін нақты көрсете отырып, прогресті қадағалау және есептілікті қамтамасыз ету үшін қажет. Біз зерттеушілер ретінде осы саясаттың шынайы әсері мен тиімділігін бағалап, негізделген саясатты әзірлеуге және тиімді басқаруға ықпал етуге көмектесеміз.

ОПТИМИСТІК СЦЕНАРИЙ

Қолайлы сценарий кезінде 19 миллион адамды құрайтын Қазақстанның салыстырмалы түрде аз халқын және оның сенімді цифрлық инфрақұрылымын пайдалану әлеуметтік-экономикалық түрлендіру және тәртіпті өзгерту үшін бірегей мүмкіндік болып табылады. Елдегі цифрлық технологиялар дамып келеді және кейбір кемшіліктерге қарамастан, үкіметтік операциялар электрондық қызметтер көрсету бойынша тәжірибелік күш салуға ықпал етіп, жұмыс істеп тұр. Бұл технологиялық негіз ақпараттың



таралуын жақсартып және қоғамдастықтың қатысуына ықпал ете отырып, азаматтар арасында мықты желілік мәдениеттің қалыптасуына ықпал етеді.

Жақсы оң өзгерістерге қол жеткізу үшін халық үкіметтің климаттың өзгеруіне қарсы күресіне жан-жақты қолдау көрсетуі мүмкін. Алайда үкімет бір жақты шешім қабылдайтын орган ретінде ғана емес, орталықсыздандырылған басқарудағы делдал ретінде де өз рөлін мойындауы тиіс. Саясатты іске асырудың тиімділігін арттыру қалалық және өңірлік билік, өнеркәсіп секторы, үкіметтік емес ұйымдар (ҰЕҰ) және тұрғындар сияқты жергілікті мүдделі тараптардың құқықтары мен мүмкіндіктерінің ауқымын кеңейтуді талап етеді. Құқықтар мен мүмкіндіктер ауқымын кеңейту дегеніміз оларға қосымша міндеттер, шешімдер қабылдау бойынша өкілеттіктер және де кәсіпорындармен және тұрғындармен тиімді ынтымақтастық құру үшін қажетті ресурстар мен құралдар болуы мақсатында салық салу саласындағы жеңілдіктер сияқты мүмкіндіктер беруді көздейді.


Болжамды модель жергілікті билік органдары өз қоғамдастықтарымен және салаларымен белсенді өзара әрекеттесетін, азаматтармен кері байланысты қоса алғанда, үкіметтік шеңберден тыс диалогқа ықпал ететін басқару құрылымын қолдайды. Мұндай тәсілді Тоқаев 2019 жылы «азаматтардың барлық сындарлы сұраныстарына жылдам әрі тиімді жауап беретін» тұжырымдама ретінде ұсынған «Еститін мемлекет» сияқты үкіметтің қазіргі тұжырымдамалары қолдана алар еді. Мұндай тәсіл ақпараттың жергілікті деңгейден ұлттық деңгейге кедергісіз ағынын және есептілікті қамтамасыз ететін ашық цифрлық коммуникациялық құралдар арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

Бұдан басқа, бұл сценарий климаттың өзгеруімен күрес саласында білім беруге, әсіресе климаттың өзгеруімен күрес бойынша іс-қимыл және азаматтық жауапкершілік сияқты салалардағы хабардарлықты арттыруға елеулі инвестициялар құюдың маңыздылығын көрсетеді. Жұртшылықтың

хабардарлығы мен білімін арттыру ұжымдық іс-қимылдар жасау үшін шешуші мәнге ие және өзінің қоғамдастығы мен қоршаған ортаға қатысты жауапкершілік мәдениетін тәрбиелеу үшін аса маңызды болып табылады. Мұндай кешенді тәсіл тұрақты оң өзгерістер енгізу үшін зор айқындық пен әлеуетті көздейді.

САЯСИ ШАРАЛАР НҰСҚАЛАРЫ

Қазақстанның гүлденген және тұрақты болашаққа қатысты пайымдауы ашық және сенімді басқаруға, болжауға, ұзақ мерзімді жоспарлауға және тиімді инвестицияларға, технологиялық инновацияларға, инклюзивті және тұрақты шешімдер қабылдауға, тұрақты саясатқа және осы саясатты бүкіл ел бойынша жергілікті және өңірлік деңгейлердегі барлық негізгі мүдделі тараптарды тарту арқылы тиімді жүзеге асыруға байланысты болмақ. Бұл бөлімде осы мақсатқа нақты, өлшенетін мақсаттарды белгілеу және үкіметтің қызметіндегі айқындықты арттыру арқылы қол жеткізу үшін қажетті стратегиялық жол картасы баяндалған. Негізгі бастамалар қоршаған ортаның төзімділігін арттыруды, әділ экономикалық өсуге жәрдемдесуді, қоғамдастықтың қатысуына жәрдемдесуді, дүлей апаттарға дайындыққа инвестициялауды және аса маңызды инфрақұрылымды нығайтуды көздейді. Ұсынылып отырған қадамдар елдің барлық тұрғындары үшін жоғары өмір сүру сапасына кепілдік беру үшін бейімделуге және болашақ сын-қатерлерді еңсеруге және түрленуге қабілетті тұрақты және сенімді ұлт үшін мықты ұзақ мерзімді негіз құра алады.



Ұлттық деңгейдегі саяси мақсаттар:

Басқаруды жақсарту, технологиялық инновацияларды енгізу және инклюзивті әлеуметтік-экономикалық даму арқылы өміршең және тұрақты болашақ құруға ұмтылу.

Төмендегілер үшін нақты, өлшенетін мақсаттарды белгілеу:

1. Үкімет қызметінің айқындығы мен тиімділігін күшейту:

- a. Белгіленген индикаторлармен салыстырғанда саясаттың жүзеге асу барысын қадағалау үшін сенімді мониторинг жүйесін әзірлеу;
- b. Бейімділік пен тиімділікті қамтамасыз ету үшін пікірлер мен өзгермелі жағдайлар негізінде саясатты ұдайы жаңарту және жетілдіру;
- c. Бастамалардың өзектілігі мен жеделдігін қамтамасыз ету үшін бағалау процесіне жергілікті қоғамдастықтар мен мүдделі тараптарды тарту.

2. Экологиялық бейімділікті және тұрақтылықты нығайту:

- a. Табиғи ресурстарды қорғау және климаттың өзгеруінің салдарларын жеңілдету үшін қатаң экологиялық нормалар белгілеу;
- b. Жергілікті деңгейде мүдделі тараптарды орталықсыздандыруға және тартылуға ынталандыруға және өңірлердің, қалалық және ауылдық аудандардың тұрақтылығын арттыруға қоғамдастықтың қатысуына жәрдемдесу;
- c. Неғұрлым осал өңірлерге ерекше назар аудара отырып, табиғи апаттарды зерделеу, жоспарлау, басқару және олардың зардаптарын жұмсарту жөніндегі бастамаларды ынталандыру.

3. Әділ экономикалық өсуге және әлеуметтік инклюзивтілікке жәрдемдесу:


- a. Экономикалық өсу мен инновацияларды қолдау үшін инклюзивті, қолжетімді және тұрақты аса маңызды инфрақұрылымды дамытуға инвестициялау;
- b. Технологиялық жетістіктерді ынталандыру және инфрақұрылымды жақсарту үшін мемлекеттік-жеке меншік әріптестікке жәрдемдесу.

Іс-қимылдар жоспарының үлгісі: климаттың өзгеруіне тұрақтылық

Қазақстан неғұрлым тұрақты болашаққа қол жеткізу жолында түрлі проблемаларға кезікті. Бұл бөлімде біз таяудағы су тасқыны туралы ұлттық деңгейде ойланамыз және осы проблемалардың бірін шешу үшін іс-қимылдар жоспарын ұсынамыз: табиғи апаттарға дайындық және қоғамдастықтардың субұлттық деңгейдегі тұрақтылығы.

1-әрекет: Зерттеулер мен технологиялық әзірлемелерге инвестициялар – дүлей апаттарды болжау мен бағалау әлеуетін нығайту.

- Қауіптің егжей-тегжейлі картасын жасау үшін озық географиялық ақпараттық жүйелерді (ГАЗ) және қашықтықтан зондтау технологияларын дамытуға қаржы бөлу. Алайда таза салалық тәсілді қолданудан аулақ болу өте маңызды. Бұл бастаманы ТЖМ, Су шаруашылығы және ирригация министрлігі, Экология және табиғи ресурстар министрлігі, Сандық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, сондай-ақ басқалары кешенді түрде басқаруы тиіс.



- Дүлей апаттарды болжау және басқару саласындағы ағымдағы зерттеулер мен инновацияларды қолдау үшін академиялық мекемелермен және халықаралық ұйымдармен әріптестік қатынастар орнату. Бұл климаттың өзгеруінің қозғаушы күштері мен салдарын пәнаралық зерттеу үшін арнайы зерттеу қорын құруға болады.

2-әрекет: Өңірлік деңгейде шешімдер қабылдауды қолдау жүйелерін дамыту – өңірлік үкіметтерге дүлей апаттарды тиімді басқаруға және тиісінше әрекет етуге мүмкіндік беру.

- Жылдам және тиімді шешімдер қабылдау үшін нақты уақыттағы деректер талдауын қауіптерді картаға түсірумен біріктіретін, шешім қабылдауға көмектесетін цифрлық жүйелерді әзірлеу және енгізу.
- Өңірлік үкімет шенеуніктерін әлеуетті апаттар сценарийлерін алдын ала басқару қабілетін арттыру үшін осы жүйелерді пайдалануға үйрету.

3-әрекет: Мекендеу ортасын кешенді бағалау – қауіп төнген аймақтарды анықтау және бағалау және төтенше жағдайларда тиісінше әрекет етудің жергілікті стратегиясын әзірлеу.

- Дүлей апаттар қаупі жоғары өңірлерді анықтау үшін мекендеу ортасына және қоршаған ортаға кешенді бағалау жүргізу.
- Осы өңірлердің нақты қажеттіліктері мен жағдайларына бейімделген төтенше жағдайларда тиісінше әрекет етудің оқшауландырылған стратегиясын әзірлеу.

4-әрекет: Өңірлік және жергілікті билік органдарының әлеуетін арттыру – өңірлік және жергілікті билік органдарының тұрақтылықты жоспарлаудағы және төтенше жағдайларды басқарудағы әлеуетін нығайту.

- Тұрақтылықты жоспарлау және дүлей апаттар кезінде тиісінше әрекет ету бойынша жергілікті және өңірлік шенеуніктер үшін оқыту бағдарламаларын жүзеге асыру.
- Жергілікті және өңірлік деңгейлерде үздіксіз оқыту және дүлей апаттарға дайындықты жақсарту үшін негіз құру.

5-әрекет: Тұрақтылықты арттыру үшін инфрақұрылымға инвестициялар – табиғи апаттарға қарсы тұру үшін аса маңызды инфрақұрылымды нығайту.

- Су ресурстарын басқару жүйелері, электр желілері және көлік желілері секілді аса маңызды инфрақұрылымды нығайтуға құйылатын инвестицияларға басымдық беру.
- Су тасқынынан болатын залалдардың алдын алу үшін өзен жағалауларын және басқа да негізгі құрылыстарды нығайтуға бағытталған инженерлік жобаларды іске асыру.

6-әрекет: Жұртшылықты хабардар ету және қоғамдастықты тарту – қоғамдастықтың білімін арттыру және дүлей апаттарға дайындыққа және тұрақтылықты арттыруға тарту.

- Қауіпті аудандарда тұру тәуекелдері мен төтенше жағдайларға дайындықтың маңыздылығы туралы тұрғындарды хабардар ету үшін жұртшылықты хабардар ету жөніндегі науқандарды бастау.
- Қоғамдастықтың бастамасы бойынша қауіпті жерлер картасын жасау және төтенше жағдайлардағы іс-қимылдарды жоспарлау жөніндегі семинарлар сияқты тұрақтылықты арттыру жөніндегі іс-шараларға қоғамдастықтың қатысуын көтермелеу.



7-әрекет: Стратегиялық қоныс аудару және қоныстарды жоспарлау – адамдардың өмірі үшін қауіпті азайту және қауіптілігі жоғары аудандардан қоныстарды көшіру жолымен табиғи апаттарға осалдықты төмендету.

- Қауіптілігі жоғары аймақтардан халықты неғұрлым қауіпсіз жерлерге көшірудің стратегиялық жоспарын әзірлеу. Бұл бастаманы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ҚР ТЖМ-мен бірлесіп басқаруы тиіс.
- Көшіру кезінде жергілікті қажеттіліктер мен мәдени дәстүрлерді есепке алуға кепілдік беру үшін зардап шеккен қоғамдастықтармен тығыз ынтымақтасу.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл құжатта Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және экологиялық болашағының оң сценарийінің сұлбасы құрылған, стратегиялық бейімделу және белсенді басқару қажеттігі атап өтілген. Қазіргі жағдай сыбайлас жемқорлық проблемаларына, саясаттың барабар іске асырылмауына және экологиялық стресстерге қарамастан, түрлендіруші өзгерістер енгізуге айтарлықтай мүмкіндіктер береді. Электрондық басқару, деректерді талдау және коммуникация сияқты салаларда цифрлық технологиялар тарабынан қолдау көрсетілетін бұл өзгеріс айқындықты, тиімділікті және жұртшылықтың қатысуын арттыра алады.

Оң сценарийді жүзеге асыру үшін прогресті бағыттау және есептілікті қамтамасыз ететін нақты, өлшенетін көрсеткіштерді белгілеу аса маңызды. Бұл көрсеткіштер экономикалық өсуді, технологиялық прогресті, экологиялық тұрақтылықты және әлеуметтік инклюзивтілікті қамтуы тиіс. Нақты бағдарлар кедейлік деңгейін төмендетуді, цифрлық инфрақұрылымды жақсартуды, жергілікті басқару әлеуетін күшейтуді және экологиялық осалдықты айтарлықтай төмендетуді қамтуы мүмкін. Осы осалдықты төмендету стратегиялары экологиялық нормаларды қатайтуды, жаңартылатын энергия көздеріне инвестицияларды ұлғайтуды және қоғамдастық деңгейінде табиғатты қорғау күштерін қамтуы мүмкін.

Бұған қоса, мониторинг пен есептіліктің сенімді механизмін құру шешуші мәнге ие. Бұл жүйе белгіленген көрсеткіштер бойынша прогресті қадағалап қана қоймай, нақты уақыт режимінде стратегияларды бейімдей және жетілдіре алатын икемді басқару құрылымын құруға ықпал етуі тиіс. Қоғамдастықтың мүдделі тараптарын осы процеске



тарту бастамалардың тиімділігі мен тұрақтылығын арттыра отырып, жергілікті шынайы жағдай мен қажеттіліктерге негізделетініне кепілдік беретін болады.

Түптеп келгенде, Қазақстан оң траекторияға назар аудара отырып және ағымдағы жағдайды нақты индикаторлармен мұқият өлшей отырып, өзінің күрделі проблемаларын тұрақты және гүлденген болашақ жолында шеше алады. Бұл тәсіл үкіметті, өнеркәсіпті, ғылыми топтар мен азаматтық қоғамды қоса алғанда, қоғамның барлық секторларының келісіп күш салуын талап етеді, бұл тек өршіл мақсат қана емес, сонымен қатар болашақ ұрпақ үшін тұрақты әрі гүлденген Қазақстанды құру ісінде қол жеткізе алатын мақсаттарға бірлесіп жол салу үшін қажет.